

## САБАҚ ЖОСПАРЫ

<b>Пән</b>	Тәрбие сағаты
<b>Мұғалім</b>	Машенова Жадыра
<b>Мектеп, сыйнып</b>	Павлодар облысы Шарбақты ауданы Есілбай ауылы, Шарбақты ауданы, Есілбай жалпы орта білім беру мектебі, ФМБ НЗМ, 5-сынып
<b>Сабак тақырыбы</b>	Қазақстан ортақ үйіміз



[www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz)

<b>Тәрбие сағатының мақсаты</b>	<p><b>Білімділік:</b> Жас үрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Отанын, туған жерін қорғай білуғе, атамекенін көздің қарашығындаі сақтай білуғе, патриоттық сезімге тәрбиелеу;</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Ойларын жүйелі түрде жеткізе білуғе шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.</p>
<b>Көрнекілік</b>	Қазақстан Республикасының рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, Н.Ә Назарбаевтың портреті, нақыл сөздер, Қазақстан туралы әндер.
<b>Дерек көздері</b>	 <p><a href="http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/1604-education_movies#lesson=11884">http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/1604-education_movies#lesson=11884</a>.</p>
<b>Сабактың барысы</b>	
<b>Ұйымдастыру</b>	Біздің Отанымыз – Қазақстан. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасының жетістіктері өсуде. Осынау жылдарда елдігімізді танытып, еңсемізді көтерген қаншама ұлы оқиғалар бар. Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялад, дербес мемлекет болды. Осы өткен жолдарымызға қарасақ, әр жылдың өз шежіресі, сырьы, тарихы, қасиеті

бар. Қазақстанды мекендереген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтіп, бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған ұлы елміз. Осыған орай «Қазақстан-ортақ үйіміз» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Алуа: Армысыздар!  
Қадірлі де ұлағатты үстаздар.  
Қош келіпсіздер бүгінгі тәрбие сағатына,  
Бас іп сәлем бердік баршаңызға.

Айдана: Үш бақытym.  
Ең бірінші бақытym- халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кеңін.  
Ол бар болмаса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.  
Ал, екінші бақытym-тілім менің,  
Жас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Бақытym бар үшінші –Отан деген.  
Кім мықты? – десе біреу «Отан» дер ем!

Ернұр:  
Елімнің атын айтсам- Қазақстан!  
Жерімнің атын айтсам – Қазақстан!  
Қойнауы қазынағы толған мекен,  
Байлығымды айтсам-Қазақстан!

Даяна:  
Қазақстан –бабамнан қалған мұра,  
Сенбейсің бе даламнан бар да сұра.  
Ел мен жерді дүшпанға таптатпаған  
Батырларым демесем болар күнә.


Нұрәлі:  
Естігенде көк аспанның астында,  
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.  
Бар қазақтың үніндей шарықта,  
Оны айтуға, жас ұлан, жалықпа.

ӘНҰРАН орындалады.

Белсенді тақтадан



[http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/1604-education\\_movies#lesson=11884](http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/1604-education_movies#lesson=11884) бейнеролигі көрсетіледі.

	<p>Бейнероликті көрсеткен соң, «Шаңырақ» әдісі арқылы бекіту сұрақтары қойылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан қандай материкте орналасқан?</li> <li>2. Қазақстанның аумағы қанша?</li> <li>3. «Қазақ» сөзі қандай мағынаны білдіреді?</li> <li>4. Қазақстанда қанша қала бар?</li> <li>5. Қазақстанның Республикасының ұлттық түйнің екі түсті болуы неліктен?</li> <li>6. Қазақстанның Республикасының Елтаңбасында не бейнеленген?</li> <li>7. Қазақстан Республикасының негізгі заңы жазылған құжат?</li> <li>8. Қазақстанда өндірілетін пайдалы қазбаларды атаңдар.</li> <li>9. Еліміздегі қандай басқа ұлт өкілдері тұрады?</li> </ol> <p>Сұрақтар екі түрлі түспен жазылған, сол түстер арқылы сыйып оқушылары екі топқа бөлінеді.</p> <p>I топ. «Бәйтерек» II топ. «Ханшатыр»</p> <p>Топпен жұмыс:</p> <p>Бейнероликтен алған мәліметтері бойынша постер құрастырылып, талдау жасайды.</p>
<b>Кері байланыс</b>	<p>Тәрбие сағаты бойынша ойларын жүйелеу үшін, әркім топтағы өз бұрышын белгілейді, егер сабак ұнаса – жасыл түспен, аса ұнамаса – сары түс, мұлде ұнамаса – қызыл түспен.</p> 
<b>Қорытынды</b>	<p>«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз», біздің өзіміз де, біздің бабаларым да осы жерді мекен етеді. Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда түрлі халық қол ұстасып, достық жырын жырлап, тыныш, бейбіт өмір сүріп жатыр. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алда. Бірлігі бекем елдің болашағы нүрлы, келешегі кемел.</p>

Әрдайым осы бірлігімізден айырылмай, татулығымыздан танбай, жұбымызды жазбай, болашаққа бірге қадам баса берейік. Біздің ортақ үйіміздің шаңырағы шайқалмасын. Ел тыныштығы бұзылмай, бейбіт елдің берекесі арта берсін!

Бүгінгі сабақта BilimLand сайтынан тамаша бейнефильм көрсетілді. Келешекте осы сайттан осындай мағыналы, пайдалы мәліметтер алып, білімдеріңді шындаі беріңдер дегім келеді.